

Шектеу іс - шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 25 қыркүйектегі № 6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 қыркүйекте № 5586 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 – 1 – бабы 8) тармақшасына сәйкес, Жамбыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2019 жылғы 09 тамыздағы № 11 – 13/60 ұсынысы негізінде, Пресноредуть ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі Ястребинка ауылы Озерный көшесі аумағында ірі мүйізді малдың арасындағы ауруының жойылуына байланысты, шектеу іс – шаралары тоқтатылсын.

2. Пресноредуть ауылдық округі әкімінің "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресноредуть ауылдық округі Ястребинка ауылы Озерный көшесі аумағына шектеу іс – шараларын белгілеу туралы" 2019 жылғы 14 наурыздағы № 3 шешімінің (2019 жылғы 09 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5270 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындауын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Пресноредуть ауылдық
округінің әкімі*

Б.Қайыров